

Н.Кулахметов



Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

Ф.Караев

2022 ж.

**Жолда жүру
ережелері 2022-2023**

оқу жылы

1 - сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы		6

Сынып жетекшісі: У.Мусабекова

Тақырыбы: Көше күтпеген оқиғаларға толы

Мақсаты: Жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Көше жағдайындағы кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын дамыту (көше, бұрылыстар). Баланы зейінді епті болуға тәрбиелеу. Көшеде жүру ережесі, көше қиылысы, бағдаршам, жол белгілері, қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері туралы білімдерін бекіту.

Көрнекі құралдар: көшелер, жүргіншілерге арналған белгілері бар қиылыстар, жол белгілері салынған суреттер, жаяу жүргіншілер өтетін жер, «Алғашқы дәрігерлік көмек», «Жанармай станциясы», «Тамақтану орны», «Телефон», «Машина қоятын жер», т.б.

Сөздік жұмыс: көше қиылысы, қарама-қарсы бағыттағы жол қозғалысы.

Сабақтың барысы: сабақ алдында жақын жатқан бағдаршам бар көшемен бұрылыстарға мақсатты саяхат жасалады. Бұл саяхатта балалар мен бірге бағдаршамның жұмысына, машиналардың әрлі-берлі жүруіне, жүргізушілерге көңіл аударып, бақылау жасайды. Мұғалім қала көшелері бейнеленген суретті көрсетеді. Мынау қала көшелеріме әлде, ауыл көшелеріме? Біз қазір сендермен қаламыздың бір көшесіне серуенге барамыз. Егер бәріміз жаяу жүріп барсақ, онда бізді кімдер деп атайды? (Жаяу жүргінші).

Ал жүргіншілер үшін жол қозғалысының арнайы ережелері бар. Қала мен оның көшесінде, Жүрмейді тек алаңсыз, Ережесін білмесеңіз, Түседі қайғы амалсыз Сақтық ойлар әрдайым Кеудесінде жаны бар Жүргінші мен жүргізушінің Өзіне тән заңы бар Ал қазір біз жол ережелерін еске түсіреміз. Жаяу жүргіншілер қай жермен жүру керек? (жаяу жүргіншілерге арналған жолмен) Жолдың қай жағымен жүргені дұрыс (жолдың оң жағымен)

Дұрыс айтасындар, жолдың оң жағымен жүрсеңдер басқа жүргіншілерге кедергі жасамайсындар. Жүргіншілер көшенің қай жерінен қиып өте алады? (жаяу жүргіншілер өтетін жол) Дұрыс, ал енді балалар осы көше қиылыстарында жүргіншілердің қозғалысын реттеп тұратын көмекшілер бар. Кәне, мына жұмбақтарды шешіп көрейік: Күндіз-түні жанамын, Дабыл беріп бәріне. Үш түрлі түсім бар Белгілі жас пен кәріге (Бағдаршам) Қарашы күшін керемет, Көше тәртібін сақтап тұр. Сілтеп еді оң қолын, Дәу машина тоқтап тұр. (Реттеуші милиционер)

Бағдаршам көздері нені
білдіреді? Қызыл – Тоқта!
Сары – Күт!
Жасыл – Жүр!

2. Жүргіншілердің ғылыми мектебі. Сендер жол бойында тұрған белгілерді көрдіңдер ме? Бұлар – жол белгілері. Әр жол белгісі нені білдіреді? Балалар жол белгілеріне қарап, оларды атай бастайды. («Жаяу жүргіншілер өтетін жол», «Алғашқы дәрігерлік көмек», «байланыс көмекшісі», «көлік қоятын орын»). Дымбілмес те балалармен бірге жол белгілерін қайталап, үйрене бастайды. Бүгін біз жаңа белгілермен танысамыз. Олар үшбұрыш пішінді болып келеді. Онда екі баланың бейнесі салынған. Ол «балалар» деп аталатын белгі. Бұл белгі мектептер мен басқа да балалар мекемелерінің жанында тұрады. Бұл белгі сендердің көмекшілерің, мұнда жүргізушілер өте сақ болғаны дұрыс. Жарайсындар, балалар! Сендер жол белгілерін жақсы ажыратып. «Жүргіншілердің ғылыми мектебінде» өте жақсы деген баға алдыңдар.

3. «Жүргінші» ойыны. Біз жаяу жүргіншіден жолаушыларға айналамыз. Біз автобусты қай жерде күтуіміз керек? (аялдамада) Егер сендер мына жұмбақ шешуін тез тапсаңдар, автобус аялдамаға тез келеді. Бұл не қылған көк үй,

Айналасы терезе ойып алған. Аяғында етігі резеңке Ал өзі бензинге тойып алған. Ал міне, автобус та келді. Орындықты автобус қылып қояды. («су тасушы» өлеңінің әуені ойналады). Зуылдаймыз, зулаймыз Алыс-алыс жерлерге Бақытты біз достармыз Сапар шеккен елдерге.

Біз көлікте келе жатқандықтан, қоғамдық көлік ережелері туралы әңгіме етеміз: А) көлікке кірген кезде бос орынға ұмытылмай, алдымен жан-жағына байыппен қарап ал, өйткені сенің қатарыңда адам немесе балалы ана тұруы мүмкін;
Ә) көлікте орын таңдап, бейбастық көрсетпе, кез келген бос орынға отыруың керек;
Б) көлік қозғалысы кезінде есігін қолмен итеруге болмайды; есікті жүргізушінің өзі ашқанға дейін күтіп тұру керек;
В) көлік жүріп келе жатқанда, жүргізушіні аландатуға болмайды;
Г) терезеден сыртқа асылуға тыйым салынады, бұл – өте қауіпті;
Ғ) көлікте қатты сөйлеуге болмайды, басқа жүргіншілерге кедергі жасайсың.

3. Жағдаяттарды шешу. Абзал әкесімен автобуска кірді. Абзал алдына қарай ұмытылып, қолайлы бір орындықты таңдап: «Әке, мен саған орын алып қойдым, тез кел», - деп айқайлайды. Адамдардың барлығы оған таңдана қарады, ал әкесі оның құлағына сыбырлады. Әкесі Абзалға не деп айтты? Майра анасымен трамвайға келе жатты. Майра терезе алдында отырған. Аялдамадан көп адам мінді. Анасы жылжып, Майраны тізесіне отырғызып, бір әйелге орын берді. Ол алғыс айтты. Ал Майра болса, қыңырланып, өзіне орынның тар екендігін айтты. Тіпті қасында отырған әйелдің сыпайы сөзіне жауап та берген жоқ. Майраның қылығына қандай баға бересіңдер?

4. Дәптермен жұмыс. - өзіңе ұнаған суреттердің астын сыз. Ал ұнамаған суреттерді мүлде сызып таста және неге екендігін түсіндір. - жарайсыңдар!

Қорытынды. Сендер өте жақсы жолаушылар екенсіңдер. Автобус пен троллейбуса өздеріңді жақсы ұстасандар, ешкім сендерге ескерту жасамайды. Осымен біздің саяхатымыз аяқталды. Автобустпен жаймен түсеміз де, қайтадан жүргіншілер боламыз. Балалар, жолдың қарсы бетіне қалай дұрыс өтеміз? Жаяу жүргіншілер өтетін жерге баруымыз керек.

Тақырыбы: Жаяу жүргінші өтпелері

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға жол жүру ережесін, тәртібін сақтай білуді үйрету; өз ойларын ашық айтуға, көше белгілерін жатқа айтуға дағдыландыру; оқушыларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, үйрету, көрініс

Көрнекілік: жол белгілеріне байланысты сөздер, нақыл сөздер.

Сабақтың барысы:

Кіріспе. Көшелер мен жолда жүру ережелерін сақтауға сонау ат арба, пәуеске кезінде-ақ талпыныс жасалған еді. 1683 жылы Ресейде патшалар Иоанн және Петр Алексеевичтердің жеке жарлығы басылып, онда атты божымен басқаруға тыйым салынды. Ат айдаушы жақсы көріну үшін салт мінуі керек болды. 1730 жылы жаңа указ басылып, аттар жүгенделіп, тәртіп бұзбай жүру керек болды. 1742 жылы қайта шығып, онда «Кімде кім тәртіп бұзатын болса, жазаланады» делінді. 1812 жылы жаңа ережеде оң жақты қозғалыс, жылдамдықты шектеу, нөмірлік белгілер қойылды. 1968 жылы Венада өткен жолда жүру туралы халықаралық конференцияда «Жолда жүру туралы конвенция» қабылданды. Осы құжат негізінде «Жолда жүру ережесі» жасалды. 1973 жылы күшіне енді.

Сыныпты үш топқа бөліп тапсырмалар беріледі. Үш топ сәлемдесіп өздерін

таныстырады. 1-топ «Руль» тобы. «Бұрамын оңға, солға»

2-топ «Бағдаршам» тобы. «Токта, Сақтан, Жол ашық», «Жүрме жолға таласып»

3-топ. «Радар тобы». «Жол ережесін сақта, Токта, Байқап жүр» деп жарысты бастайды.

«Руль» тобының сұрақтары:

-Өмірімізді қатерден сақтандыратын, көшемізде тұратын көмекшіміз не? (Бағдаршам)

-Көше қиылыстарынан қалай өту керек? (Мысал келтіре жауап береді)

-Қанша жасқа дейін көшеде велосипедпен жүруге болмайды?(Он төрт жасқа дейін)

«Бағдаршам» тобының сұрақтары:

-Бағдаршам болмаса көшенің екінші бетіне қалай өтеміз? (Алдымен сол жағымызға қараймыз, жолдың ортасына жеткенде оң жағымызға қараймыз)

-Жолда жүру ережесіндегі ескерту белгілерді бейнеле және түсіндір.

-Балалар қай жерлерде ойнау керек? (Арнайы алаңдарда)

«Радар» тобының сұрақтары:

-Тротуар деген не?

-Көше қиылысына келген жаяу жүргінші не істеу керек?

-Біздің адал досымыз не, оның әрбір түсін түсіндір.

Үш топ бір біріне жұмбақтар айтады.

Жұмбақтар

Сөйлеуді ол білмейді,

Бірақ «тоқта», «жүр» дейді. (Бағдаршам)

Үзеңгісін тептім,

Зымырап кеттім. (Велосипед)

Төрт аяғы дөңгелек,

Адамсыз ол жүрмейді. (Машина)

Өзі тым күшті,

Аяғы тісті.

Ілезде тындырар

Қыруар істі. (Трактор)

Үш топтан бір оқушыдан шығып өлең жолдарын, әндер айтады.

Қорытынды.

Көңілді жарыс сағатының қорытындысын хабарлап, жарысқа белсене қатысқан оқушыларға «Озат жүргінші» төсбелгілері тапсырылады.

Тақырыбы: Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам

Мақсаты: Жүргінші өтпелерінің белгілерін қай жерде, қалай кездесетінін ұғындыру. Көшеде дұрыс жүру ережесін қалыптастыру. Қауіпсіздік ережесін меңгерту. Байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. Сөздік қорын арттыру.

Сабақ барысы:

I. Оқушылардың сабаққа зейіндерін аудару. Күн ретін жазу.

- II. 1. Жаяу жолдың шетіне барып, жаяу жүргінші өтпесіне жақындап, жол жиегін баспай тоқта.
2. Солға және оңға қарап ал. Жол қиылысында көлік түрлерінің көлік түрлерінің қай бағытта келе жатқанын байқа: жаяу жүргінші өтпесі бағытына қарай бұрылғалы келе жатқан машинаның жоқ екеніне көз жеткіз.
3. Жақындап қалған көлік түрлерін өткізіп жібер.
4. Жолдан өтуді көлік түрлері қауіпсіз болатын қашықтықтан баста. Бұрылғалы келе жатқан көліктен сақтан.
5. Көлік жолдан өткенде жылдам адымда, бірақ жүгірме.
6. Жолдан өткен кезде алдымен сол жақта келе жатқан көлікке, ортадан асқан соң оң жақтағы көлікке қара.
7. Жол өтпесінен өткенде жаяу жолға қарай қиғаштап емес, тура, жол өтпесінің оң жағымен жүр.

III. Реттеуші және оның сигналдары.


Кей кезде бағдаршамның жұмысы тоқтап қалады. Ондай жағдайда адамдар араласады. 2 жақта білу керек. Жүргіншілер үшін және көліктер үшін. Реттеушінің орны – жол қиылысының ортасы. Оның денесі мен қолдары арқылы жасалған қимылдар реттеушінің сигналдары болып табылады. Ол сигналдар жақсы көрінуі үшін реттеуші қолына **алатаяқ** немесе **жарық шығаратын қызық түсті диск** ұстайды.



Реттеушінің бар болғаны 4 сигналы бар.



1. Реттеуші жаяу жүргіншіге бүйірін беріп, екі қолын жан- жаққа созып немесе түсіріп тұрса, жаяу жүргінші көлік жолды кесіп өтуіне болады.
2. Реттеуші оң қолын алға созса, жаяу жүргінші оның арқа тұсынан көлік жолды кесіп өтуіне болады. Ал ол кеуде тұсымен қарап тұрған жақтан көшені қиып өтуге рұқсат етілмейді.



3. Реттеуші жаяу жүргіншіге кеуде немесе арқа тұсын беріп қолдарын жан- жаққа созып, яки түсіріп тұрса, жаяу жүргіншінің қозғалысына тыйым салынады.
4. Реттеуші қолын жоғары көтереді. Бұл- ескерту белгісі. Көліктер мен жаяу жүргінші қозғалысына тыйым салынады. Бұл сигнал кезінде көлік жүретін жерде болған жаяу жүргіншілер жолды толық кесіп өтуге немесе әр бағыттағы көлік қозғалысын бөліп тұратын сызық бойында тоқтауға тиіс.

Бекіту. Қиылыстардың суретін салу

Қорытындылау. Оқушылардан реттелетін белгілердің түрлерін сұрау. Топтар арасында «Кім көп біледі?» ойыны өтіледі.

Әр топ «Бағдаршам мен жолаушы» ойынның көрсетілім ретінде қояды

Тақырыбы: Автобус немесе троллейбуспен сапарға шығу

Мақсаты: Оқушыларды қоғамдық көлікте (автобус пен троллейбуста) мініп- түсу, өзін дұрыс ұстауға үйрету. Әдептілікке, үлкенді сыйлауға, сыпайылыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін есте ұстауға дағдыландыру. Танымдық қабілетін арттыру.

Сабақ барысы

I. Сабаққа зейіндерін аудару. Күн ретін жазу. «Бағдаршам » ойыны

Жұмбақ шешу Жауабы автобус, троллейбус болатын жұмбақтар шешу.

II. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

Көлік құралдарының түрлері

Адамдарды немесе жүктерді тасуға арналған қондырғы **көлік құралдары** деп аталады.

Адамдарды тасуға қызмет ететін көлік жалпы пайдаланылатын көлік. Оған: автобус, троллейбус, трамвай, маршрутты таксилер, бұлар берілген маршрут бойынша жүреді.

Жүк тасуға қызмет ететін көлік **жүк көлігі** деп аталады

III. Арнайы көлік – бұл арнайы дабылдармен жабдықталған көлік (дабыл, гудок, пуыспалы жарық). Бұған жататындар : полиция, өрт және санитарлық автомобильдер.

Бұлармен қатар көліктің **қызметтік және жеке** түрлері бар. **Қызметтік көлік**- бұл кәсіпорынның мұқтажы үшін қызмет ететін кәсіпорынның меншігі. **Жеке көлік** – бұл азаматтардың жеке меншігіндегі көлігі.

Автобусты, троллейбусты тек аялдамада ғана күтуге рұқсат етіледі. Көлікке міну құны қанша?

Жүргіншілерді түсіру мен мінгізу тек көлік құралы толық тоқтағаннан кейін рұқсат етіледі. Қоғамдық көлікке артқы есіктен кіру, ал шығу үшін алдыңғы есікті пайдалану көзделген; балалар мен қарт адамдар алдыңғы есіктен міне алады. Жас балаларға ата- аналарынсыз көлікте жүруге болмайды. Көптеген қоғамдық көлік құралдарының баспалдақтары балалар мен қарт адамдар үшін, әсіресе қолайсыз ауа райында қиындық туғызады, сол үшін арнайы тұтқалардан ұстауға тура келеді.

Автобусты мінген кезде автобус пен оны күтуші адамдардың арасында қалмауға тырысыңыз. Бұл әсіресе көктайғақта қауіпті. Өйткені сізді олардың қағып кетуі және таптауы, келген көлікке қысуы мүмкін, ең қауіптісі дөңгелектің астына түсіп қалуыңыз мүмкін. Аяқ астынан тежегіш басылған жағдайда қолшатыр, трос және өткір ұшы бар басқа заттар қауіпті.

Автобуста басқаларға кедергі жасамау үшін дауысы қатты шығармай әңгімелескен жөн.

Қалалық көлікте есік автоматты түрде ашылады, сондықтан жүргіншілердің мініп- түсуіне кедергі жасамауы үшін есік табалдырығында тұруға болмайды. Ашық терезеден мойынды шығаруға және қолмен ұстауға болмайды.

Қарт адамдарға орын беру қажет. Автобус ішінде тежегіш күрт басылған жағдайда құлап қалмау үшін бойыңыз жетсе жоғарыдағы тұтқадан ұстаған жөн. Қауіпті алдын ала байқау мүмкіндігі болуы және одан жалтаруға үлгеру үшін қозғалыс жаққа қарай қарап тұрған жақсы. Жүріп келе жатқан көлікке қозғала беру де қауіпті.

Кез келегін қоғамдық көлікте өрт шығуы мүмкін екендігін есінде ұста. Осы себептен болған жол көлігі оқиғасында мүмкіндігінше оның ішінен жылдам шығып кеткен жөн. Ток өтетін өткізгіш зақымдалуынан болған авария жағдайында троллейбустағы ең қауіпсіз орын- орындық. Бұл жағдайда аяқты еденнен көтеріп, қабырға мен тұтқаға сүйенбеген жөн.

Бекіту. Топтармен жұмыс. Мен троллейбуспын. Мен автобуспын
Жұмбақ шешу.

Қортындылау: Адамдарды тасуға қызмет ететін көлік қалай аталады? Жүктерді тасуға арналған көлік қалай аталады? Қандай көлік түрлерін білесіздер? Көлікте ата- анасыз жүруге бола ма? Қоғамдық көлік ішінде өзінді қалай ұстау керек? Көлік терезесінен неге қарауға болмайды?

Тақырыбы: Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Көше ережесін сақтау тақырыбына салынған әр түрлі суреттер, қатырма қағаздан бағдаршам макеті, жас автоинспектордың бас киімі мен таяқшасы.

Сабақтың барысы: Оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру, топқа бөлу.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілі, қазан айы.
- Көшелерімізде қандай өзгерістер болып жатыр?
- Көшедегі жол бойын машиналар ерсілі - қарсылы жүруде, бағдаршам көздері кейде жыпылықтап өшіп қалуда.
- Жол жүруге қолайсыз.
- Ал, осы жол тәртібін басқарушыны білеміз бе? (Бағдаршам).
- Ал көшедегі кездейсоқ қауіп - қатерден аман болу үшін нені білуіміз қажет?
- Біздер көшеде жүру ережесін жақсы білуіміз керек.

I - бөлім. Сұрақтар:

1. Бағдаршам дегеніміз не? Адам үшін оның маңызы қандай?
2. Бағдаршамның неше түрі болады?
3. Бағдаршамның қызметін атап бере аласың ба?
4. Жолдағы қозғалыс бағдаршамнан басқа қандай белгілермен реттеледі?

II - бөлім: Теориялық білімдерін практикалық іспен байланыстыру.

Оқушылар алдына арнайы жол белгілері макеті, көше сызықтары салынған таблица, көлік түрлері, таратылады. Әр топ өзіне берілген заттарды пайдаланып көліктермен жүргіншілер қимылын көрсетеді.

- 1 - топ: Жаяулар өтетін жолдар, жиек жолдар, жаяу жүргінші қалай жүру керектігін макетті пайдаланып көрсетеді.
- 2 - топ: Қай жерде ойнауға болады? Қай жерде ойнауға болмайды?
- 3 - топ: Қандай көліктерге бағдаршамның қызыл жарығына жүруге рұқсат етіледі?

III - бөлім: «Үйренейік, білейік».

Әр топқа түрлі - түсті қағаз, қайшы, желім таратылып береді. Олардың өздері білетін жол белгілерін жасауларын талап етеді, белгі 3 - дана болу керек.

Мысалы:

- а) жаяулар өтетін жер, жаяулар өтуге болмайтын жер.
 - ә) Велосипедпен өтуге болмайтын жер, өтуге болатын жер.
 - б) Жолдар «Бір жақты қозғалысты жол» белгісі, жол жұмыстары
- Топ мүшелері өздері қиып әзірлеген белгілерін көрсетіп, сол туралы түсінік береді. Белгі түрлері толықтырып қайталанылады.

IV - бөлім:.

Жұмбақтар шешу.

Әр топ бір - біріне дайындаған жұмбақтарын жасырады.

I. Көзін ашып жұмады.

Бағыт сілтеп тұрады. (Бағдаршам)

II. Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өміріңді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам. (Автоинспекция қызметкері)

III. Арқаным тым ұзын.

Ала алмайсың бір үзім. (Жол)

IV. Сөйлегенде білмейді

Бірақ «Токта, жүр»- дейді.

(Бағдаршам)

Қорытынды: Өмірде күтпеген оқиғалардан сақтану үшін жол ережелеріне бағыну керек.

«Сақтансаң сақтармын» дегендей ережелерді тек білу ғана шарт емес, оны бұлжытпай орындаса ғана аман - есен жүруге болады.

Тақырыбы: Қорытынды сабақ

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларды жолда жүру ережесімен бекіту
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру
3. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер,

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Кіріспе: «Жол травматизмінің алдын алу» атты тәрбие сағатын бастағалы отырмыз.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады.

Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы сабақты мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті оқушы көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

Сонымен қандай бала жол ережесін бұзбайды?

Балалар: - Үлгілі, тәртіпті бала.

Мұғалім: - Ал енді «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймын.

II. Негізгі бөлім:

Тақтадағы жұмбақтарды шешу:

Жұмбақтар

1. Ала таяқ ұстаған,

Жол тәртібін
нұсқаған. Өміріңді
күзеткен,

Ысқырықпен түзеткен. (Милиционер)

2. Көше бойлап аяңдайды,

Адам тасып аялайды.

(Автобус)

3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,

Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)

4. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та.

(Бағдаршам)

5. Арқаным бар тым

ұзын, Ала-алмайсың бір

үзім. Табындаршы,

балалар,

Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)

6. Өзі сөйлей білмейді,

Бірақ «Токта, жүр!» дейді. «Бағдаршам»

Қорытынды. Мұғалім: Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тіліп алу баршамызға керек.